# ДӘРІС КЕШЕНІ

**Пәні:**«Дәрі-дәрмек айналым жүйесінде фармакоэкономика және фармацевтикалық ақпарат»

**Пән коды:** DDAZhFFA 3301

**ББ атауы:** «Фармация»

**Оқу сағаты /кредит көлемі:** 180 (6)

**Оқу курсымен семестрі:** 3/6

**Дәріскөлемі**: 15

**Шымкент, 2023**

Дәріс кешені «Дәрі-дәрмек айналым жүйесінде фармакоэкономика және фармацевтикалық ақпарат» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

**Хаттама №16а«15» 06 20 23 ж**

**Кафедра меңгерушісі,**
**фарм.ғ.д., профессор** ________________**Шертаева К.Д.**

# Дәріс№1

1. **Тақырыбы:**Дәрілік заттар айналымындағы фармакоэкономика

2. **Мақсаты:**фармакоэкономиканың ғылым ретінде және оның дәрілік заттар айналымындағы фармакоэкономика туралы түсінік беру.

3. **Дәріс тезистері:**

Бүкіл әлемде денсаулық сақтау саласындағы шығындарды медициналық көмек көрсетуге, сонымен қатар дәрілермен қамсыздандыруға кететін шығындардың үнемі ұлғаюы қаржыландырудың қажетті деңгейін көрсету мүмкіндігіне қарағанда тез өседі.

**Кесте 1 –Қазақстан Республикасы тұрғындарының 2010-2015 жылдардағы денсаулық көрсеткіші**

| Көрсеткіштің деңгейі | Тұрғындардың жалпы аурушаңдығы 100 000 адамға балап есептегнеде | | | | | | Тұрғындардың алғашқылық аурушаңдығы 100 000 адамға балап есептегнеде | | | | | | Созылмалы бейэпидемиялық аурулармен аурушаңдықтың 100 000 тұрғынға балап есептегендегі деңгейі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| Барлығы | 105 099,0 | 106 791,5 | 105 692,4 | 106 711,8 | 105 843,4 | 105 937,6 | 69 479,5 | 69 562,1 | 69 587,9 | 70 154,3 | 71 641,8 | 71 748,3 | 89 643,4 | 89 874,8 | 89 881,3 | 89 893,6 | 92 414,8 | 93 265,6 |

Статистикалық деректерге қарағанда тұрғындардың созылмалы бейэпидемиялық аурулармен аурушаңдықтың деңгейі 100 мың тұрғынға балап есептегенде зерттелген жылдары 89 643,4 оқиғадан 93 265,6 оқиғаға дейін артқанын көрсетіп отыр (кесте 1).

– Көрсетілген құбылыстың себептері төменде көрсетілген экономикалық, медициналық және әлеуметтік-демографиялық үдерістермен тығыз байланысты:

- макроэкономиканың даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
- инфляция;
- жаңа медициналық технологиялардың, инновациялық дәрілік препараттардың жасалуы;
- тұрғындардың қартаюы;
- жалпы аурушаңдықтың құрылымда созылмалы патология үлесінің ұлғаюы.

**Кесте 2 –Қазақстан Республикасы тұрғындарының дәрілік препараттарды қолдану деңгейі (1 адамға балап есептегенде)**

| Көрсеткіш | Есептеу бірлігі | Кезеңдер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| ДП сату көлемі | Теңгемен есептегенде | 170404830899 | 198871248987 | 253033273894 | 287151542490 | 345240488047 | 402339305601 |
| Тұрғындар саны | Абсолюттік санмен есептегенде | 16204617 | 16441959 | 16675392 | 16911911 | 17165239 | 17417447 |
| 1 адамға шаққанда | Теңгемен есептегенде | 10515,82 | 12095,35 | 15174,06 | 16979,25 | 20112,77 | 23099,79 |

Аурушаңдықтың өсуі тұрғындардың дәрілік заттарға сұранысын тоқтаусыз арттыруға, әсіресе созылмалы бейэпидемиялық аурушаңдық тұрғындарды емдеуге қажетті дәрілік заттардың сұранысына тікелей әсерін тигізеді. Әсіресе жүрек-қан айналу жүйесінің аурулары, онкологиялық аурулар, ортопедиялық аурулар, тыныс алу, асқорту, несеп шығару ағзаларының сырқаттары жедел түрден созылмалы түрге айналып, стационарлық және амбулаторлық медициналық көмектің түрлерін арттыруда. Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында дәрілік заттарды қолдануға сұраныс арнайы көрсеткіштер жүйесімен зерттеледі. Оның ішінде дәрілік заттардың сатылу көлемі теңгемен есептегенде зерттелген жылдары 17 млрд. теңгеден 40 млрд. теңгеге дейін артып отыр. Ал дәрілік заттардың әрбір жан басына есептегенде 10 515,82 теңгеден 23 099,79 теңгеге дейін артқан (кесте 2).

Бұл жағдай біздің фармацевтикалық нарықтың тоқтаусыз өсіп отырғанын көрсетеді және бұл нарықтың болашағының мүмкіндіктерінің үлкен екендігіне кепіл бола алады.

ҚР-сындағы ДП, ММБ және МТ мемлекеттік тіркеу мәліметтерін сараптау.
2016 жылғы 17 наурыздағы ҚР бекітілген ДП, ММБ және МТ мемлекеттік тіркеу бойынша ДП 7 635 атауы, сонымен бірге 809 отандық тауар өндіруші (ОТӨ) атауы және 8 723 медициналық мақаттағы бұйымдар (ММБ) және медициналық техника (МТ) атаулары, ОТӨ медициналық өнімдерінің 569 ассортименті тіркелген (1 және 2 суреттер).




Сурет 1 – Қазақстан Республикасында тіркелген ОТӨ ДП үлесі (% есептегенде)




Сурет 2 – Қазақстан Республикасында тіркелген ОТӨ ММБ және МТ үлесі (%)

Қазақстан Республикасында тіркелген барлық ДП, ММБ және МТ үлесі барлық тіркелген фармацевтикалық өнімнің жалпы санының 8,42%-ын құрайды.
Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық өнім нарығының негізгі сипаттамасы – оның импорттық құрамының жоғары болуы 93,5%. 2015 жылы дәрі-дәрмектер импортының көлемі 932,7 млн. АҚШ долларын құрады (22,1 мың тонна), өткен жылмен салыстырғанда 16,8%-ға қысқарған (сандық көлеммен 31,4%). Қысқару себебі теңгенің девальвациясы болды [99].
Қазіргі таңда Қазақстан Республикасын сандық көлемі бойынша 80%-дан астам импорттық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ететін елдердің бірінші ондығына кіретін мемлекеттер: Ресей (37%), Үндістан (10%), Германия (9%) және Украина (6%), (сурет 3).




Сурет 3 – ҚР-сын импорттық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ететін мемлекеттер құрамы (импорт көлемінің есебі санына байланысты), 2015 ж., %

Ескерту – Дереккөз: Дереккөз:  ҚР статистика комитеті АӨҚОРА

Қазіргі таңда импорттық дәрілік заттардың бағасы бойынша 60%-дан астамын қамтамасыз ететін елдердің бірінші ондығына кіретін мемлекеттер:  Германия (16%), Франция (12%), Үндістан (9%) және Ресей (7%) (4 сурет).
Айта кететін қызық факт – заманауи фармацевтикалық өндіріс бойынша алдыңғы қатардағы елдер АҚШ, Швейцария және Ұлыбритания бағасы бойынша да, саны бойынша да ҚР-сындағы ДП басты он импортер елінің қатарына кірмейді.




Сурет 4 – ҚР-сын импорттық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ететін мемлекеттер құрамы (импорт көлемінің есебі бағасы бойынша), 2015 ж., %

Ескерту – Дереккөз: ҚР статистика комитеті АӨҚОРА

ҚР фармацевтикалық нарығындағы отандық және шетелдік өндірушілердің ДП сату көлемі, қаржылай мөлшерде көрсетілген. Әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтер бойынша ОТӨ ДП сату үлесі қаржылай мөлшерде 8-12%-ды құрайды. IMS Health ақпараттық-сараптамалық компания мәліметтері бойынша ОТӨ ДП үлесі барлық фармацевтикалық нарық құрылымында қаржылай мөлшерде 10%-ға дейін құрайды, ал сандық мөлшерде шамамен 30%. Сандық мөлшер үлесі қаржылай мөлшерден жоғары. Бұдан шығатын қорытынды, ОТӨ ДП бір қорабының орташа бағасы шетелдік өндірушінің бір қорабының бағасынан төмен. IMS Heatlh мәліметтері фармацевтикалық нарықтың импортқа тәуелділігінің жоғары екенін растайды. Жаңа ОТӨ ДП өндіру отандық фармацевтикалық индустрияның өзекті міндеті болып табылады және болашақта жергілікті өндірістің үлесін көбейтеді, демек Қазақстанның экономикасына жаңа жұмыс орындарын ашу, салықтың көбірек түсуі, өндіріс пен фармацевтикалық ғылымның дамуы түрінде қосымша үлес қосады.

Алайда 2005-2015 жылдар аралығындағы отандық фармацевтикалық нарықта Қазақстан Республикасының шығаратын дәрілік заттары бар болғаны 6,5%-дан 9,5%-ға дейін өскен, қалғанының барлығы шетелдік импорттық тауарлар үлесіне тиесілі. Олардың үлес салмағы 2005 жылы 93,5%-ды құраса, 2015 жылы 90,5%-ды құрап отыр (сурет 5).




Сурет 5 – ҚР фармацевтикалық нарығындағы отандық және шетелдік өндірушілердің ДП үлесі, қаржылай мөлшерде, %, 2005-2015 жж.

Ескерту – Дереккөз: IMS Health ақпарат көзі

Сонымен, Республикамызда дәрілік заттардың өндірісі өте баяу дамуда деп айтуға толық негіз бар. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өндіріс орындары Республикада қолданылатын дәрі-дәрмектердің құндық көлемі 10%-дан аспайтын деңгейді көрсетеді. Алайда біздің Республикамыздағы ішкі фармацевтикалық нарық жоғары қарқында өсуде, бұл ахуал республика тұрғындарының әлеуметтік экономикалық жағдайының жақсаруымен халықтың әл-ауқатының өсуімен тікелей байланысты болып отыр.

Халықтың қымбат жаңа брендттік фармацевтикалық заттарға сұранысының артуы отандық өнеркәсіптің ішкі нарықтағы орнын төмендетті, оның негізгі себебі арзан бағамен емдік қасиеті төмен дәрілік заттармен байланысты болып отыр. Осыған қарағанда фармацевтикалық нарықтың негізгі бөлігін брендік қасиеті жоғары патенті бар импорттық дәрі-дәрмектермен құрау үстінде деп айтуға болады. Осындай импорттық дәрі-дәрмектердің құндық отандық деңгейі 90%-дан асады, олардың заттай деңгейі 70%-ға жақындайды. Отандық фармацевтикалық фирмалардың қаржылық табысы шетелдік фирмалардың табысынан айтарлықтай төмен болып отыр. Сонымен қаржылық нарықта фармацевтикалық орны жаңа инновациялық патенті бар тауарларды ұсынуға жол ашады.
Зерттеу нәтижесіне қарағанда Қазақстандық фармацевтикалық фирмалар Республикалық Денсаулық сақтау ұйымдарын заттай көрсеткіш дәрілік заттармен 30%-ға дейін қамтамасыз етеді.

ҚР




фармацевтикалық нарығындағы отандық және шетелдік өндірушілердің ДП үлесі сандық мөлшерде көрсетілген. IMS Health мәліметтеріне сәйкес 2005-2015 жж. кезеңінде қорап түріндегі ОТӨ ДП үлесі нарықтағы басқа қораптардың жалпы санының 20-30 %-ын құрайды. 2015 жылғы мәліметтер бойынша – отандық өндірушілердің үлесі 21,5%. Шетелдік өндірушілердің ДП үлесі 78,5%-ды құрады (сурет 6).

Сурет 6 – ҚР фармацевтикалық нарығындағы отандық және шетелдік өндірушілердің ДП үлесі, сандық мөлшерде, %, 2005-2015 жж.

Ескерту – Дереккөз: IMS Health ақпарат көзі

Дегенмен, жедел және стратегиялық шешімін табуға тиісті бірнеше мәселе бар:

– ҚР фармацевтикалық нарығында жалған дәрілік заттар және контрабандалық өнімдер, мемлекеттік тіркеу мен сертификациядан өтпеген дәрілік заттар бар;

– Отандық фармацевтикалық өнімнің ассортименттерінің негізгі үлесін бәсекеге қабілетсіз дәрілік заттар құрайды;

– Дәрілік заттардың өндірісін реттейтін нормативтік құқықтық база жеткіліксіз;

– Республикада халықаралық сапа стандартына негізделген фармацевтикалық өнім өндіруді сертификаттау жүйесі құрылмаған;

– Жаңа дәрілік заттар мен оларды өндіруді қаржыландыру жеткіліксіз, олар ғылыми және капиталдық көлемді болып табылады, сыртқы нарыққа шығуы қиын, еліміздің табиғи шикізаттан өнімдер сериясын дайындау үшін бай шикізат қоры (өсімдіктер, жануарлар, минералдар) болуына және оларға дүние жүзіндегі сұраныс өсіп келе жатқанына қарамастан осындай жағдай болып отыр;

– Фармацевтика саласының статистикалық және ақпараттық-сараптамалық қолдауы жоқ;

– Дәрілік заттарды тиімсіз қолдану, полифармакотерапия емдеудің бағасының бірден өсуіне және дәрілік заттардың көп мөлшерде жанама әсер беруіне әкеледі.

Қазақстан халқына Президенттің «Денсаулық» бағдарламасы, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саясат бағыты» Жолдауында Ұлт денсаулығы біздің табысты болашақтың негізі болады, ал

денсаулық сақтаудың түйінді приоритеті фармацевтикалық көмектің, медициналық қызметтің сапалылығы және қолжетімділігі болып табылады.

Бұл жағдайда клиникалық тәжірибеде жаңа заманауи емдік-дәрілік технологияларды қолдану қажеттілігі, әдетте, қымбат және олардың экономикалық қолжетімділігі арасындағы қайшылықтар пайда болды.

Қазақстанда денсаулық сақтаудың заманауи бет алысы дәрілік заттардың және шығындарды ұстап тұруға бағытталған мемлекеттік реттеу жолын күшейту болып табылады. Бірақ та, шығындарды минимизациялау тұрғындарды медициналық қызметпен қамсыздандырудың жоғары сапасына зиян келтірмеу қажет.

Фармакоэкономика бүгінгі жағдайда мемлекетке және тәжірибелік денсаулық сақтау саласына дәрілермен қамсыздандыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді қолдану жолын ұсынады, емдеу әдістерін таңдауды ғылыми негіздеуге мүмкіншілік береді, тегін босатуға арналған дәрілік заттардың тізімін құрастырады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) анықтамасы бойынша, дәрілік құралдарды тиімді қолдану дегеніміз – науқастардың препараттарды клиникалық қажеттіліктерге сәйкес, жеке мұқтаждықтарына сай дозада, сәйкес уақыт кезеңі ұзақтығында және өзі үшін де, қоғам үшін де ең аз шығындар шығара отырып қолдануы. Дүние жүзінде 50%-дан астам дәрілік құралдарды жөнсіз, орынсыз тағайындайды, шығарады және айналымға жібереді, науқастардың жартысы оларды қажетті деңгейде қолданбайды, ал дүние жүзіндегі халықтардың үштен бірі қажетті дәрі-дәрмекке қол жеткізе алмайды.

Фармакоэкономика – өз бетінше жаңа ғылым, ол тиімділік пен шығындар, қауіпсіздік, ауруды емдеудің альтернативті схемаларында өмір сапасы арасындағы салыстырмалы қатынастарды зерттейді.

Қазақстан Республикасында Денсаулық сақтаудың бірлік Ұлттық жүйесі жағдайында фармакоэкономикалық зерттеулер нәтижелері оңтайлы медициналық араласудың таңдауда пациенттерді өмір сапасын есебімен терапияны іске асыру, дәрілік заттардың формуляр тізімін жасауда, әр түрлі медициналық бағдарламаларды клиникалық хаттамаларды бағалауда маңызды.

Фармакоэкономика бір жағынан – фармацияның, медицинаның жетістіктерін пайдаланатын, ал екінші жағынан экономиканың, статистиканың, әлеуметтанудың, психологияның, математика мен басқа да ғылымдар аймағындағы сұраныс пен тәжірибеге мүмкіншіліктерге шоғырланатындықтан да интегралды пән болып табылады. Бұдан басқа, фармакоэкономика фармакологиядан дәрілік құралдардың әсері, клиникалық фармациядан – дәрілік құралдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер алады. Фармакоэкономиканың құрамдас бөлігі дәрілік құралдардың әр түрлі топтарының маркетингтік зерттеулерінің экономикалық аспектілері болып табылады.

Фармакоэкономиканың айрықша ерекшеліктеріне мыналар тиесілі:

– интегральды сипат (тұрғындарды дәрілік түрде қамтамасыз етудің үйлестіру мақсатымен білімдердің әр түрлі аймақтарындағы жетістіктерін тиімді түрде пайдалануға мүмкіндік береді);

– қослданбалы маңыз (фунциоланудың ерекшеліктері мен фармакоэкономикалық өзгешілігімен нақты аймақтың мәселелерін шешеді);

– халықтық – шаруашылықтық маңыз (денсаулық сақтау жүйесінің және науқастардың, қаржылық құралдарының шектеулі қорларын тиімді түрде қолдануға мүмкіндік береді);

– әлеуметтік маңыз (зеттеу насандарының ерекшеліктері: терапевтикалық әсермен, физикалық саулықпен және қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық бейімділігін анықтайды).

**Пәрменділік (efficacy)** – бақыланатын жағдайлардағы (клиникалық рандомизацияланған зерттеулерде) емдеу әдістемесі немесе дәрілік құралдардың дәлелденген әрекеті.
**Клиникалық тиімділік(effectiveness)** – нақтылы клиникалық тәжірибе жағдайларындағы емдеудің дәрілік құралдары мен әдістемесінің әрекетін бағалау.
**Қауіпсіздік (safety)** – дәрілік құралды немесе емдеу әдістемесін қолдану негізіндегі әсерлердің жиілігі мен ауырлығы.
**Комплайенс (comfliance)** – науқастардың дәрілік құралдары немесе емдеу әдістерін қолданудың жазылған тәртіптерін сақтау дәрежесі.
**Экономикалық тиімділік (benefil) –** дәрілік құралдары немесе емдеу әдістемесін қолдану кезіндегі қорлардың шығындалуының тиімділігін бағалау.
**Пайда (utility) –**фармакотерапияның өмірдің сапасын бағалау негізінде анықталады.

4. **Иллюстрациялық материал:**презентация

5. **Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер**


1. Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
3. Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
4. Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
5. Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
6. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.
7. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
8. Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
9. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" = Тезисы лекций по дисциплине "Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. с.10экз.


**Қосымша әдебиеттер :**


1. "Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация"= Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность:

5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. с.10экз.

**Электрондық ресурстар**

1. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері [Электронный ресурс] : оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министрлігі. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА,2015. - 1.36 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
2. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики [Электронный ресурс] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.98 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
3. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5В110300- "Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине"Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 96,0 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).1экз.
4. Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 262 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1экз.
5. УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz
6. Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: http://www.studmedlib.ru, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123
7. Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz

**6. Бақылау сұрақтары** (кері байланысFeedback):

1. Фармакоэкономика нені зерттейді?
2. Денсаулық сақтау жүйесінде экономикалық бағалау дегеніміз не?
3. Фармакоэкономиканың мақсаты мен міндеттері қандай?
4. Қандай пәндер фармакоэкономикамен тығыз байланысты (интегирленген)?
5. Фармакоэкономиканың айырмашылық ерекшеліктері басқа білім салаларымен сіз атайсыз?
6. Фармакоэкономиканың дамуының алғы шарттары қандай?
7. Фармакоэкономикада дәрілік препаратты бағалауда немесе емдеу сұлбасын қауіпсіздік, терапевтикалық және экономикалық тиімділігі жағынан қандай параметрлер қолданылады.
8. Дәрілік құралдарды тиімді қолданудың мағынасы неде?

**Дәріс№2.**

1. **Тақырыбы:**Фармакоэпидемиологиялық зерттеулер.

2. **Мақсаты:** фармакоэпидемиологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары туралы түсінік қалыптастыру

3. **Дәріс тезистері:**

Фармакоэкономикалық зерттеулерді (ФЗ) жүргізудің жобаны құрастырудан кейін бірінші сатысы болып ақпаратты жинақтау және талдау саналады. Осы мақсатты іске асыру үшін ғылыми-статистика және оның құрамы биостатистикамен ұсынылған құралдар қолданылады.

**Биостатистика (Biostatistics)** – медицинадағы, денсаулық сақтаудағы, эпидемиологиядағы ғылыми зерттеулердің статистикалық әдістердің жасалуымен және қолданылуымен байланысты ғылыми сала. Биостатистиканың негізгі түсініктерін білу алдында жүргізілген клиникалық және фармакоэкономикалық зерттеулердің нәтижелерін өз жұмыстарында қолдануында, бағалау мүмкіндік мақсатында маңызды.

**Биостатистикадағы мақсатты популяция** – жалпы жиынтық, ал оның ішінен зерттеуге алынған топ – іріктелген жиынтық немесе сұрып (іріктеп тексеру). **Пациенттер** – жалпы жиынтықтың элементтері немесе іріктеу элементтері. Іріктелген жиынтық негізінде алынған мәліметтер негізінде барлық мақсатты популяцияның (жалпы жиынтықтың) бағалауын жүргізеді. Жалпы жиынтықтан іріктеліп алынған сұрыптан мәліметтерді жинақтау жүргізіледі.

Біріншілік іріктелген мәліметтер сұрыптың әр элементімен қабылданған белгілердің ретсіз мәндер қатары болып табылады. Көрсетілген мәліметтер массивімен жұмыс жасау көп еңбекті болады. Зерттеушіні сұрыптың әр элементінің бөлек көрсетілген белгінің көрсетілген белгінің мәні көбінесе маңызды емес. Зерттеушінің алдына қойылған мақсаты жалпы сұрыптың бағалауын жүргізу болып табылады.

**Мода** – сұрыпта (немесе жалпы жиынтықта) жиі кездесетін белгінің мәні. №1 суретке ауру кезінде жұмысқа жарамсыздық күндердің орташа саны көрсетілген. Берілген сұрып бойынша 20 күндік мәні мода болып табылады.

Фармакоэкономикалық зерттеулерді жүргізу үшін қажетті дәрілік құралдардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ғылыми бөлімдердің негізгі көзі клиникалық зерттеу болып табылады.

Бірақ та оларды жүргізу шарттары нақтылы клиникалық тәжірибеден айтарлықтай ерекшеленеді, ал пациенттердің таңдауында – нақтылы пациенттерден ерекшеленеді. Рандомизацияланған клиникалық сынықтарда дәрілік құралдарды қолдану нақтылы көрсеткіш бойынша бағаланады, оған жол беретін аурулар мен дәрілік өзара әрекетті емдеудің ықпалы ескерілмейді, дұрысында, олар үшін «қосылу / шығарылу» өлшемі бойынша науқастарды таңдау қатаң түрде жүргізілуде, оған балалар, аяғы ауыр әйелдер мен қарт пациенттер қатыспайды.

Қосылған науқастардың (сирек түрде 1000-нан асады) салыстырмалы түрдегі аздаған санынан және емдеудің аздаған ұзақтылығынан да толық  көлемде дәрілік құралдардың қауіпсіздігінің профилін бағалау мүмкін емес (сирек, әдеттегіден тыс, уақыт бойынша жағымсыз реакциялар). Бұдан басқа, бақылаудың шектеулі кезеңі (әдетте 1 жылдан кем емес) дәрілік заттарды қолданудың жекелеген экономикалық және әлеуметтік салдарынан зерттеу мен бағалауға мүмкіншілік бермейді. Медициналық технологияның тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы жеткіліксіз мәлімет алу фармакоэпидемиологиялық зерттеулерді жүргізуге көмектеседі.

**Фармакоэпидемиология** – дәрілік заттардың фармакологиялық әсерлердің (қалаулы, қалаусыз, кері әсерлі) өте тиімді және қауіпсіз түрде рациональды қолдануына  мүмкіндік  бере

отырып, популяция деңгейі немесе адамдардың үлкен топтары деңгейіндегі нақтылы жағдайларда зерттелінуімен айналысатын ғылым.

Фармакоэпидемиологиялық зерттеулердің **мақсаты** – дәрілік заттардың терапевтикалық тиімділігін нақтылау мен оның фармацевтикалық нарық пен кең медициналық тәжірибедегі енгізілуінен кейінгі кері әсерлерін айқындау болып табылады.

**Фармакоэпидемиологиялық зерттеулердің міндеттері:**

– фармакотерапияның сипаттамасы, бақылануы және оның әсерлерінің болжамы;

– дәрілік терапияның сапасын бақылау;

– дәрілік заттардың бұрын белгісіз, жаңа әсерлерін айқындау (жағымды және жағымсыз);

– осы әсерлердің дәрілік заттарды қабылдаумен өзара байланысын анықтау;

– танымал және жаңа кері әсерлер мен популяцияның айқындалуының жиілігін – тәуекел дамуын бағалау;

– дәрілік препараттардың бірнеше терапевтикалық тәртіптерін бір мезгілде пайдалануды зерттеу;

– мүмкін боларлық жағымсыз реакцияның дамуын ескере отырып, дәрілік құралдарды пайдаланудың потенциалды құнын зерттеу.

Жекелеген популяцияларды емдеудің схемасын қолданудың тәуекелдік сенімділігі мен пайдасы туралы ақпарат ала отырып, фармакоэпидемиология ақпараттар негізінде **дәрілік заттардың терапевтикалық тиімділігінің бағасын** береді:

– популяциядағы нақтылы дәрілік препараттың экспозициясы туралы;

– препаратты қабылдау кезіндегі потенциалды түрде күтілетін нәтижелер туралы;

– күтпеген кері әсерлерді тіркеу туралы.

Фармакоэпидемиологиядағы байланыстың идентификациясы постмаркетингтің бақылаудың - препараты нарыққа жібергеннен кейін жинақталатын ақпаратты жинау мен талдау үдерісінің көмегімен жүргізіледі.

Постмаркетингтік бақылаудың әдістемесі мыналар болып табылады:

– Өздігінен болатын хабарламаларды жинау әдісі мен клиникалық зерттеулердің (бақылау) нәтижелерін ретроспективтік талдау;

– Ғылыми клиникалық зерттеулер (эксперимент) жүргізу әдісі.

Өздігінен болатын хабарламалар – бұл дәрілік заттардың медициналық түрде қолданылуы кезендегі кері әсерлік әрекеттерінің барлық түрлері туралы хабарлама. Өздігінен пайда болатын хабарламаларды жинау белгісіз кері әсерлер туралы ақпаратты екі тәсілмен жинауға мүмкіндік береді:

– Клиникалық жағдайларды ғылыми басылымдарды зерттеумен. Бұл әдістің кемшілігі - дәрігердің бос уақытының саны мен бас редактордың мақаланы басып шығаруға деген тілегі сияқты субъективтік факторларға байланыстылығы болып табылады.

– Дәрілік қауіпсіздік туралы ұлттық халықаралық комитет және басқа да ұйымдардың көмектерімен өздігінен пайда болатын хабарламалардың жүйелік жинақтауға.

Дәрілік заттардың әрекетінің кері әсерлік (жанама) реакцияларын бақылау Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік фармакологиялық орталығының фармацевтикалық бақылауының бөлімімен іске асырылады.

Дәрілік заттардың әрекетінің жанама реакциялары түрлері туралы ақпарат фармацевтикалық бақылауының бөліміне дәрігерлерден, өндірушілерден немесе халықаралық ұйыммен өкілеттенген (Денсаулық сақтаудың бүкіләлемдік ұйымы, Еуропалық қауымдастық)

дәрілік препараттың тіркелінген куәлігін иеленушілерден, медициналық ақпараттық көздерінен немесе ғылыми басылымдардан, дәрілік құралдардың тұтынушылардың мүддесін білдіретін қоғамдық ұйымдардан келіп түседі.

Фармацевтикалық қадағалау бөлімі алынған ақпаратты жүйелейді, оны талдайды және ақпараттық хабарламалар, шолулар, экспресс-ақпаратты, дәрігерлерге арналған әдістемелік нұсқауларды, зерттеушілерге дәрілік препараттардың тіркеуші куәліктерін өндірушілерді, дәлелдейді, және де алынған ақпаратты қажетті іс-шаралар мен шешімдерді қабылдау үшін Денсаулық сақтау Министрлігіне бағыттайды.

Өздігіннен пайда болатын хабарламалар әдісінің кемшілігі – хабарламалардың төмен жиілігі – хабарламалардың ақпараттардың «хабарланбауы» жеткіліксіздігі мен дәлсіздігі болып табылады, және де препаратты қабылдау мен бақыланатын реакция арасындағы уақыттағы сәйкес келуден де пайда болатын жалған ассоциациялардан да болады.

Клиникалық зерттеулердің нәтижелерінің ретроспективтік талдауы келесі деңгейлерді өзіне қосады:

– нақтылы (берілген) популяцияның сипатын бейнелейтін, субъектілердің (науқастардың) репрезентативтік жиынтығын таңдау;

– дәрілік заттарды экспозициялаудан туындайтын құбылыстардың сәйкестік өлшемі;

– дәрілік заттарды экспозициялаудан туындайтын құбылыстардың констатациясы.

**Ғылыми зерттеулерді (эксперимент) жүргізу әдісі** – фармакоэпидемиологияда дәрілік заттардың әрекетін ретроспективтік (жағдай-бақылау) және проспективтік (Когорттық) бақылануын қолдануымен және науқастардың жалпы популяциясына деген қауіпсіздігінің орнықтырылған көрсеткіштерінің одан арғы экстрополяциясымен болатын клиникалық зерттеулерді ұйымдастыруды жөн санайды.

Когорттық зерттеулерге пациенттердің 10000-нан 50000-ға дейінгі адамдар саны кіреді. Зерттеулердің бұл түрі жаңа дозаланған режимдерін бағалау үшін, терапевтикалық тиімділікті басқа да препараттармен және препараттар класымен салыстыруға, жанама құбылыстарын профилін, қосылатын аурулардың кезіндегі препараттың әсеріне сай келеді. Когорттық зерттеулерді жүргізу кезінде екі топты (когорттар) қалыптастырады, олардың біреуінде ғана қатысушылар зерттелінетін әсерге ұшырайды (мысалы, дәрілік препараттың әрекетін зерттеу), келесі бақылау барысында екі когортта да зерттелетін ақырының тіркеледі.

Фармакоэпидемиологиялық зерттеулер кезінде фармакотерапияның қауіп-қатер болу мүмкіндігі туралы ескертетін белгіні байқау мүмкін болады. Фармакоэпидемиологияда белгі деп препарат туралы ақпараттық материалдарда жазылмаған және ол үшін тән болып келмейтін, дәрілік заттарды қабылдау туралы қандай да болсын құбылысты түсінеді. Бұл дәрілік препараттың жағымсыз немесе жаңа терапевтикалық әсері де болуы мүмкін.

Белгінің идентификациясын жүргізуге дәрілік заттардың жағымсыз әсерлері туралы өздігінен болатын хабарламалар көмектеседі, және де өзіндік казуистиктің немесе казуистиктің жиынтығының талдауы да жәрдемдеседі.

Фармакоэпидемиологиядағы **казуистика** деп әрбір жағдайлардың суреттелуін атайды (клиникалық нәтижелердің басылымға шығуы), яғни науқастың дәрігер бақылаған және суреттеген емге деген реакциясы. Бір дәрілік препарат бойынша казуистиканың жиынтығы препаратты қабылдау мен бақыланатын құбылыс арасындағы себеп – салдар байланысының қандай болсын түрінің болуын көрсетеді. Препаратқа деген ерекше жағдайында науқастың реакциясын препаратты қабылдаудан туындайтын бақыланатын құбылыстың байланыстылығын анықтайды. Әзірге байқалған және препараттың экспозициясы мен байқалған құбылыс (белгі)

арасындағы байланыс орнықпайынша, жағымсыз әсер туралы емес, яғни жағымсыз құбылыс туралы айтады.

Фармакоэпидемиологиялық зерттеулердің кезеңдері:

– І-кезең – дәрілік заттар мен бақылатын құбылыстар экспозициясының констатациясы;

– ІІ-кезең – белгінің идентификациясының болжамы мен болжамның өңделуі. Осыған байланысты «белгі - әсер» байланысының талдауы мен нақтылануы жүргізіледі және оның казуальдылығының казуистикалықпен немесе әсер констатациясы бар бақыланатын құбылыстардың кездейсоқ өзара байланыстарының қатар қойылуы арқылы анықталуы жүргізіледі;

– ІІІ және ІV-кезеңдер – дәрілік препаратты қабылдау мен бақыланатын құбылыс арасындағы байланысты талдау.

**4. Иллюстрациялық материал:**презентация

**5. Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер**

1.Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2.Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
3.Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
4.Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
5.Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
6.Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.
7.Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
8.Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
9.Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" = Тезисы лекций по дисциплине "Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. с.10экз.

**Қосымша әдебиеттер :**

"Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация"= Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-

"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. с.10экз.

**Электрондық ресурстар**

1. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері [Электронный ресурс] : оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министрлігі. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА,2015. - 1.36 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
2. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики [Электронный ресурс] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.98 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
3.Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине"Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 96,0 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).1экз.
4.Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 262 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1экз.
5.УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz
6.Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: http://www.studmedlib.ru, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123
7.Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz

6. **Бақылау сұрақтары** (кері байланыс Feedback):

1. Фармакоэпидемиологияны ғылым ретінде қалай түсінесіз?
2. Дәрілік заттардың терапевтикалық тиімділігін бағалаудың бағалау сатылары, олардың сипаттамасы қандай?
3. Фармакоэпидемиологияда ғылыми зерттеулерді (экспериментті) жүргізудің қандай әдістері бар?
4. Когортты зерттеулер дегеніміз не?

## Дәріс№3

1. **Тақырыбы:** Фармацевтикалық көмек көрсетудің экономикалық бағалануы.

**2. Мақсаты:** білім алушылардыфармацевтикалық көмектің экономикалық бағасымен таныстыру және шығындарды анықтау және есептеу бойынша жүйелі білім қалыптастыру.

**3. Дәріс тезистері:**
Бүгінгі таңда денсаулық сақтаудың даму концепциясы, оптимальды жолмен емделушінің қажеттіліктеріне қол жеткізуге бағытталған денсаулық сақтау басқармасымен үйлесетін, медициналық көмек сапасын басқару жүйесін құруды болжайды. Денсаулық сақтаудағы қызмет көрсету мен өнімнің талап етілген сапа деңгейін қамтамасыз ету денсаулық сақтау жүйесінің барлық деңгейінде жүзеге асуы тиіс, қорларды пайдалану оптимизациясы бойынша өзара байланысты ұйымдарға жаңа технологияларды енгізу, алынған нәтижелерді мониторингтеу.
**Стандарттар** – денсаулық сақтау сапасының көрсеткіш этолондары болып есептеледі. Стандарттар анықтайды:

– тегін медициналық көмектің мемлекеттік кепілдемесінің негізін құрайтын, міндетті талаптар арқылы сапамен қамтамасыз етудің минимальді деңгейін;

– тиімділігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген көмектің түрі мен көлемін, нәтижелілігі ғылыми дәлелденген қызмет көрсету мен жұмыстар, нақты технологиялар тізімін;

– қосымша ғылыми негізделген нұсқаулықтарды қалыптастыру арқылы сапа деңгейін ары қарай арттыру бағытын.

**Денсаулық сақтаудағы стандарттау** – денсаулық сақтауда қолданылатын қызмет көрсету, жұмыстар, технологиялар, өнімдер, шарттар, ережелер, нормалар, қалыптасқан талаптар мен өңдеу арқылы денсаулық сақтауда реттеудің оптимальды деңгейіне қол жеткізуге бағытталған қызмет.

**Стандарттау нысандары:**

– Денсаулық сақтау жүйесін қорлармен қамтамасыз етуі (ақпаратты, қаржылық, кадрлы қорларына талаптар).

– Үрдістер (емдеу – диагностикалық, сауықтыру, реабилитациялық, ұйымдастырушылық, өндірістік технологиялар).

– Тиімділік (аурудың нәтижесі, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер).

Стандарттау нысандарына талаптар, дәлелдерге негізделген медицина қағидаларына негізделеді.
**Дәлелдімедицина** – бір жағынан - ғылыми ақпарат көлемінің көбеюі, клиникалық тәжірибеге жаңа дәрілік заттардың көптен енгізуі, екінші жағынан - денсаулық сақтау шығынының өсуімен байланысты, бюджеттік қаражаттың жетіспеушілігінен шыққан, дәрілік заттарды қолданудың рациональды жолдарын іздеу нәтижесінен пайда болды.
**Дәлелді медицина** – ғылыми ақпаратты сараптау, жалпылау, талдау, жинау технологиясы жаңа бағыт немесе әдістеме. Бұл нақты науқасты емдеу үшін клиникалық зерттеудің дұрыс нәтижесін сапалы, нақты және адал ниетпен пайдалану.
Емдеудің қауіпсіздігі мен нәтижелілігінің дәлелі – рандоминизирленген клиникалық зерттеу нәтижелері. Жалпы ауруларды емдеу стандартизациясында нәтижелілігі мен қауіпсіздігі дәлелденген тәсілдер ғана, қолданылады.
Нақты технологияларды пайдалану туралы шешім қабылдаудың маңызды құрамы – фармакоэкономикалық талдау.

**Стандарттаудың теориялық негіздері:**
1. Негіз болатын жүйе құрушы құжаттарды құру.
2. Қорларға, процедураларға, технология мен нәтижеге нақты талаптарды жасау.
3. Ұйымдастыру – техникалық іс-шаралар.

**Медициналық көмектің стандарттауын жүргізу үшін қажет:**

– Денсаулық сақтаудың қайта ұйымдастыруын қамтамасыз ететін құқықтық негізін өңдеу.

– Қажетті медициналық стандарттарды өңдеу, дайындау мен енгізу үшін фармакоэкономика мамандары, клиникалық фармакологтар, фармацевтер, тәжірибелі – дәрігерлер, дәрігер – мамандар, сарапшылар, әр түрлі деңгейдегі комитеттер мен комиссияларды ұйымдастыру.

– Өмір сүруге қажетті және маңызды дәрілік заттар тізімін өңдеу.

– Аймақтық формуляр мен медициналық мекемелер формулярын жасау.

– Емдеу стандарттарын жасау.

– Берілген аймақта ЕСМ шарттарына емдеу стандартарын бейімдеу жолымен науқастарды жүргізу протоколын өңдеу.

Өмірлік қажетті және маңызды дәрілік заттардың тізімін өңдеу науқастарды дәрімен қамтамасыз етуді оптимизациялаудың бір жолы болып саналады. Оған келесіде қолданылатын, дәрілік заттар кіреді:

– өмірге қауіпті аурулар мен синдромдарда (егер дәрілік затты қолданбаса ауру ары қарай өршиді, асқынулар пайда болады немесе науқас қайтыс болады).

– әлеуметтік – маңызды ауруларды арнайы емдеу үшін.

Емдеу стандарттары – шығынды аз қажет ететін дәрілермен, максимальды емдеу нәтижесін алу үшін денсаулық сақтау министрлігі мен білікті мамандар өңдеген, кеңінен таралған аурулар мен синдромдарды емдеу кестесі мен қажетті және жеткілікті емдеу-диагностикалық процедуралары.
Емдеу стандарттарын мемлекет қаражаттандырған (бюджеттік немесе міндетті) жағдайда, «жоғарыдан» құжатпен шектелген болады, ал ақылы емдеу кезінде – әдістемелік-нұсқаулық сипатқа ие.

**Науқастарды жүргізу хаттамасы** – емдеу стандарттарының нақты шарттарға бейімделген және толық нұсқалары.

Қалыпты жағдайда стандарт пен хаттама бір-біріне сәйкес болу қажет. Бірақ, тәжірибеде бұны жүзеге асыру өте қиын, өйткені елдің әр түрлі аумағында емдеу мекемелерінің материалды-техникалық және қаражатты базасының арасында айырмашылығы өте көп. Бұл сәйкестік үшін, бір-біріне ұқсас емдеу-сауықтыру мекемелердің негізгі материалды-техникалық және қаражат деңгейін қамтамасыз ету, немесе стандарт талаптарын сапалы түрде төмендету. Біріншісі де, екіншісі де жүзеге асуы өте төмен.

**Формулярлық жүйе** – берілген қорларды қолдану мен медициналық көмектің жоғары сапасын нақты шарттарда қамтамасыз ету мақсатымен дәрілік заттарды қолдану мен жабдықтау тәсілдері, ұйымдастыруы мен экономикалық нәтижелі, яғни, тиімді қолдануды қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудағы басқару тәсілдер жиынтығы.

Формулярлық жүйені енгізу келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

– елдің фармацевтикалық нарығында бар дәрілік заттардан экономикалық негізделген, қауіпсіз және нәтижелі дәрі-дәрмектерді таңдау;
дәрілік заттар туралы объективті ақпаратты тарату мен өңдеу;

– фармацевтикалық және медициналық қызметкерлер құрамы үшін дәрілік заттарды тиімді пайдалану аймағында оқыту бағдарламаларын енгізу;

дәрілік заттарды пайдалану дұрыстығының мониторингі;

– фармакотерапия қателіктерін пайдалану мен алдын-алу бойынша шаралар қабылдау.

**Формулярлық жүйе** – формулярды, формулярлық анықтаманы өңдеу, емдеу стандарттарын енгізу мен дәрі-дәрмектерді пайдалану бағдарламасын болжайды.

**Формуляр (формулярлық тізім)** – белгілі әкімшілік аймақта немесе емдеу мекемесінде күнделікті қолдануға рұқсат берілген дәрілік заттардың шектелген тізімі.

Формулярды ауру түрін (әрбір назологияны жеке-жеке), әрбір ауруды емдеу курсының құны мен пайдалану деңгейін мұқият талдау арқылы құрайды. Формулярда қымбат емес, бірақ нәтижелі және жоғары сапалы дәрілік заттарды пайдалану қарастырылған. Бағасы қымбат дәрі қымбат емес дәрінің жеткіліксіз терапиялық нәтиже бермегенде қосылады.

Дәрілік заттарды формулярға қосу талаптары:

– берілген дәрілік препараттың негізделген қажеттілігі бар;

– барлық топ ішінде фармакологиялық нәтижесі жоғарырақ болса;

– көндігуі жоғары, қауіпсіздіктің деңгейі жоғары, дәрілік затты зерттеу нәтижесі көлемінің жеткіліктілігі;

– отандық және шетелдік өндірушілерден заттарды сатып алудың қолжетімділігі;

– сапасы қанағаттанарлық;

– «шығын – тиімділігінің» оптимальды сәйкестігі;

медициналық мекемелерде дәрілік заттардың қолдану тәжірибесі.

**Формулярлық тізімге дәрілік заттарды таңдағанда есепке алынады:**

– денсаулық сақтау Министрлігінің бұйрығы мен үкімет қаулысы бекіткен, өмірлік қажетті және маңызды дәрілік заттар Тізімінде болуы;

– АВС – және VEN – талдауының нәтижесі;

– емдеу стандарттарында сәйкес дәрілік заттың болуы.

– <u>АВС – талдау</u>. АВС – талдау жасағанда дәрілік заттарды, жылдық тұтынуға сәйкес 3 топқа үйлестіреді:

– А тобы – сатып алуға арналған бюджеттік қаражаттың 70%-80% шығындайтын, 10-20% дәрі-дәрмектер.

– В тобы - дәрілік заттарды пайдаланудың орташа деңгейі (30-40% қаражаттану көлемі);

С тобы – пайдалануы өте төмен, бюджеттік қаражаттың 25% шығындайтын дәрілік заттар.

**VEN – талдау.** VEN – талдау, тиесілі болуына сәйкес дәрілік заттарды 3 топқа үйлестіру жолымен жүргізіледі:

– V (vital) – өмірлік қажетті (өмірін сақтауға арналған дәрілік заттар).

– E (essential) – қажетті (емдеу-диагностикалау үрдісінде қолданылатын, тиімділігі жоғары дәрілік заттар).

– N (non-essential) – қосалқы (дәрілік заттардың емдеу тиімділігі күмәнді немесе қымбат тұратын және симптоматикалық емдеу үшін қолданылатын дәрілік заттар, немесе адам өміріне қауіпті емес ауараларды емдеуде қолданылатын дәрілік заттар).

Формулярлық жүйені енгізу әлеуметтік, клиникалық және экономикалық сипаттағы мәселелерді шешеді. Мұқият таңдалған дәрілік заттардың шектелген санын сатып алу, бюджеттік қаражатты үнемдеп пайдаланып, тендер өткізіп, тұрақты жабдықтаушыдан жеңілдіктер алуға мүмкіндік береді. Дәрілік заттардың аз көлемі, сақтау мен тасымалдауға кететін шығынды үнемдеуге алып келеді.

Дәрілік заттардың белгілі жиынтығын пайдаланатын дәрігерлер, олардың фармакологиялық қасиеттерін жақсы біле отырып, сонымен қатар жұмыс жасауда тәжірибе жинайды. Дәрігерлер қателіктері мен дәрілік емдеудің асқынулары азаюынан, емдеу сапасы жогарылап, науқастар арасында өлім азаяды. Науқасты стационарға жатқызу уақыты азаюы есебінен аурахана бюджетінде қосымша үнемдеу пайда болады.

**4. Иллюстрациялық материал:**презентация

**5. Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер**

1.Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2.Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
3.Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
4.Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
5.Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
6.Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.
7.Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
8.Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
9.Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" = Тезисы лекций по дисциплине "Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. с.10экз.

**Қосымша әдебиеттер:**

"Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация"= Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация": лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. с.10экз.

**Электрондық ресурстар**

1. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері [Электронный ресурс] : оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министрлігі. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА,2015. - 1.36 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.

2. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики [Электронный ресурс] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.98 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
3.Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине"Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 96,0 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).1экз.
4.Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация
5.УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz
6.Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: http://www.studmedlib.ru, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123
7.Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz

**6. Бақылау сұрақтары** (кері байланысFeedback) :
1. Денсаулық сақтау жүйесіндегі экономикалық бағалау дегеніміз не?
2. Дәрі-дәрмектерді бағалаудың негізгі параметрлері қандай?
3. Фармакоэкономикалық талдау дегеніміз не?
4. Фармакоэкономикада ескерілетін тікелей және жанама шығындарға қандай шығындар жатады?
5. Фармакоэкономикалық бағалау процесінде шығындарды есептеудің негізгі кезеңдері қандай?
6. Қазіргі уақытта толық экономикалық бағалау үшін талдаудың қандай түрлері қолданылады?

## Дәріс№ 4

**1. Тақырыбы:** Фармакоэкономикалық талдау және оның әдістері.

**2. Мақсаты:** білім алушыларды фармакоэкономикалық талдау және оның әдістерімен таныстыру.

**3. Дәріс тезистері:**
Фармакоэкономикалық талдау негізінде денсаулық сақтау жүйесі және жалпы қоғамның, жеке адам артықшылықтарын анықтау альтернативті медициналық технологиялардың, фармацевтикалық қызметтің, қаржылық шығындардың, клиникалық нәтижелердің салыстырылуы, үлестірілуі және зерттеулері жатады. Фармакоэкономикалық талдаудың салыстыру жоспарында (Донабедиан триадасы) қаржылық қорларды, медициналық технологияларды және терапия нәтижелерін зерттейді. Фармакоэкономикалық талдауға медициналық технологиялардың тиімділігін қарапайым дәрілік заттардың енгізілуі фармакоэкономиканы экономикалық бағалаудан ажыратады, себебі ол денсаулық сақтау саласына қажетті нәтижелерді ескереді.

Фармакоэкономикалық талдауды жүргізгенде Халықаралық фармакоэкономикалық зерттеулер қауымының ұсыныстарына сай келесі әдістемені қолдану қажет:

**1.** Мәселені анықтау;
**2.** Зерттеу болашағын белгілеу;
**3.** Альтернативті медициналық технологияларды, бастапқы және соңғы нәтижелерді анықтау;
4. Фармакоэкономикалық талдау әдісін таңдау;
5. Әр альтернативті технологияларда қолданылған қорларды бағалау;
6. Талдауға қажетті қорларды сәйкестендіру;
7. Жағдайдың болу ықтималдығы белгілеу;
8. Шешім ағашын құруда үлгілеу әдісін қолдану;
9. Талдаудың сезімталдығын жүргізу;
10. Алынған нәтижелерді ұсыну.

Фармакоэкономикалық талдау альтернативті технологиялардың шығындары мен нәтижелерін бағалауға жасалған кез келген зерттеулерді енгізеді. Бірақ, экономикалық бағалау шектеулі қорларды тиімді таратудың механизмі болу үшін емдеудің жаңа бағдарламасының құны мен нәтижесін басқа да альтернативті бағдарламалармен салыстыру қажет. Сондықтан қазіргі таңда тәжірибеде фармакоэкономикалық талдаудың келесі әдістері қолданылады:

- «шығындарды минимилизациялау» талдауы-cost minimization analysis (CMA);
- «шығын-тиімділік» талдау-cost-effectiveness analysis (CEA);
- «шығын-пайда (утилитарлық)» -cost-benefit analysis (CBA).

**Фармакоэкономикалық талдаудың әдістері**

| Әдіс | Құнды өлшеу бірліктері | Терапия тиімділігін өлшеу бірліктері |
|---|---|---|
| Шығындарды минимализациялау (CMA) | Ақшалай | Тиімділік зерттелінбейді салыстыру топтарында эквиваленттілікпен анықталады |
| Шығындар –тиімділік (CEA) | Ақшалай | Биологиялық көрсеткіштер (физикалық бірліктерде) және клиникалық тиімділік (нақты көрсеткіштерде):<br>– ұзартылған өмір жылдары;<br>– еңбекке жарамсыздық күндер сандарын азайту;<br>– ммоль/л-қанда глюкозаның құрамы;<br>– мм.рт.ст.-қан қысымының көрсеткіші. |
| Шығындар – утилитарлық (CUA) | Ақшалай | Сапалы өмір жылдарын ұзарту |
| Шығын –пайда (CBA) | Ақшалай | Ақшалай |

Фармакотерапияның экономикалық тиімділігін бағалауда қажет:

– ауру құнын талдау – cost of illness (COI), бұл әдіс жоғарыда келтірілген әдістердің негізі болып табылады;

– сезімталдықты талдау – sensivity analysis-алынған нәтижелердің тұрақтылығын бағалауға қажет.

**«Аурудың жалпы құнын» талдау (COI).** Аурудың жалпы құнын талдау нақты ауруды анықтау және емдеу негізіндегі емдеу мекемесінің шығынына (тура медициналық, медициналық емес және қосымша) негізделеді.

**Әдістің ерекшелігі:** аурудың құнын анықтағанда жүргізіліп жатқан емдеудің нәтижелері ескерілмейді.

**Әдістің кемшілігі:**

– альтернативті медициналық технологияларды бағалау кезінде қолданбайды;

– ұсынылған медициналық көмектің сапасын басқару үшін жағдай жасамайды.

Бірақ бұл әдіс аймақта денсаулық қорғауда шығынды анықтауға өте маңызды. (егер статистикалық және эпидемиологиялық мәліметтер болса), қор көлемін, қаржыландырудың басты негізгі бағыттарын, шығынды азайту жолдарын анықтауға да маңызы зор. Аурудың құнын есептеу барысында бір жылда бір науқасқа кеткен шығынын анықтайды, оны барлық науқастар жиынтығына экстраполяциялайды, нәтижесінде мемлекетте белгілі бір ауруды емдеу үшін қанша шығын шығатыны туралы мәлімет алынады.

Ауру құнының көрсеткіші (COI) мына формуламен есептеледі:

**COI=DC+IC**

мұнда:

- ОС-тікелей шығын;
- ІС-тікелей емес, жанама шығын.

**Шығынды минимализациялау талдауы** – бұл фармакоэкономикалық талдаудың түрі, ол препарат немесе емдеу әдісін ең аз мөлшерде шығын шығарып таңдаумен байланысты және бірдей терапиялық тиімділігі болатын дәрі препараттарын немесе альтернативті (ұқсас) емдеу әдістерінің құнын салыстырып ақшалай бағалауды шамалайды.

**Талдаудың мақсаты** – ақшалай қаражатты үнемдеуге мүмкіндік беретін арзан емдеу әдісі мен препараттың артықшылығын растау.

**Талдаудың кезеңдері:**

- Есептеуге енгізу қажеттілігі бар шығындарды анықтау;
- І сатыда анықталған шығындар есебімен альтернативті схемамен емдеудің құнын есептеу;
- Дисконттау.

**Әдістің артықшылығы:** есептеу қарапайымдылығы және жүргізілген емдеудің нәтижелерін ақшалай сипатта бағалау қажеттілігінің жоқтығы.

**Қолдану аясы:** егер бірдей терапиялық әдістерді немесе дәрілік препараттарды қолдану кезінде шыққан шығынды салыстыру үшін. Тәжірибеде талдау, шығынды минимализациялау тек құжат жүзінде фармакоэпидемиологиялық зерттеулермен бірдей терапиялық тиімділігі салыстырып отырған медициналық технологияның дәлелденсе ғана содан кейін генерикалық препараттарды фармакоэкономикалық зерттеу кезінде негізінен қолданады.

**Әдістің кемшілігі:**

- медициналық технологияны қолданудың нәтижесін ескермейді, алдын ала оларды теңдей санайды.
- тәжірибе аз қолданылады, ол медициналық технологияны не тек бағасымен ажыратылатын клиникалық тиімділігі бірдей препараттарды таңдауға қиыншылық туғызады.

**«Шығын-тиімділік» талдауы (CEA).**

«Шығын-тиімділік» талдау фармакоэкономикалық зерттеулерде жиі қолданылатын әдіс, ол емдеу шараларының құнын да, тиімділігін де салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс тиімділіктің бағалық құнын жүргізуге мүмкіндік береді, нақты айтқанда фармакотерапияның экономикалық эффективтілігін (тиімділігін) бағалайды, яғни қосымша амалдарды пайдалану арқылы қосымша басымдылыққа жету нәтижесінде, белгілі бір ауруды емдеуде арзан жолдары емес, ал тиімділігі мен құнының ең оптималдысы (ең тиімді) анықталады.

**CEA әдістің мақсаты:** қосымша басымдылықты алу мақсатында жұмсағанын қосымша ақшалай қаражатты анықтау (мысалы, аман сақталынған өмірдің қосымша жылдарының құны).

**CEA әдістің жүргізу кезеңдері:**

- Бір пациентке жұмсалатын орташа немесе шектелген шығынның мөлшерін анықтау мақсатында медициналық араласудың нәтижесін клиникалық талдау жасау. Мұндай талдау көбінесе математикалық үлгілеу «Шешімдер ағашы» әдісі негізінде жасалады.
- Пациентті емдеудің кез келген қарастырылған нұсқасы бойынша жұмсалған шығынның тиімділік коэффициенттерін салыстыру және есептеу.

**CEA талдауын жүргізу ерекшелігі:**

- Талдауды жүргізудегі міндетті талап тиімділікті өлшеудің бірдей бірліктерінің болуы. Сондықтан терапияның тиімділік бірлігін дұрыс таңдау маңызды болып табылады. Дәрінің тиімділігінің критериі ретінде пайдалануы мүмкін:

– Тікелей клиникалық эффектілер (физиологиялық және биологиялық-химиялық параметрлердің дәрілердің әсерінен өзгеруі, дұрысталуы)

– Физикалық көрсеткіштері-артериялық қысым деңгейінің өзгеруі, Т0, гемоглобин деңгейінің көтерілуі т.б.

– Табиғи- көрсеткіштері – аурудың симптомдары мен синдромдарын тоқтату, балл бойынша өмір сапасы, өмірінің ұзартылуы т.б.

– Жанама түрдегі клиникалық эффектілер (асқыну жиілігінің төмендеуі, қайтадан емханаларға түсудің санының азаюы т.б.).

– Дәрілер қолданылған топта денсаулық көрсеткішінің өзгеруі (өлім, өмір сақталуы, өмірдің ұзаруы, мүгедектік, өмір ұзақтығын мүгедексіздіксіз жалғастыру т.б.).

– Денсаулықты қамтамасыз ететін өмір сапасын өзгерту. 3-4 топтық критерилерді қолданып дәрілік препараттардың тиімділігін бағалау өте басымдырақ болып табылады, ал егер мұндай мәліметтер жоқ болса, онда 1-2 топтың критерилерін қолдануға болады.

– Клиникалық мәліметтердің ақиқаттық деңгейі маңызды болып табылады, басқаша айтқанда клиникалық тиімділікті салыстыру нәтижесі бойынша ақпарат алу жолдары және алынған нәтижелерді пайдаланудың жаңа жағдайына экстраполяция жасау мүмкіндігі.

**СЕА әдісінің артықшылықтары:**

– Пайдаланған терапияның құны мен тиімділігі жағынан қаншалықты қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді;

– Әдістің нәтижелері денсаулық жүйесінің қаражатын тиімді шығындауға байланысты шешім қабылдауға көмектеседі, қабылданған шешімді дәлелдеуге және обьективтілігін нақтылауға мүмкіндік береді;

– Жасалған емнің тиімділігін арттыру бірлігіне жұмсалатын ақшалай шығынды бағалауға мүмкіндік туады;

– Терапияны ақшалай сипатта бағалаудың қажеттілігі жоқтығы.

**СЕА әдісінің кемшіліктері:**

– Араласуда әртүрлі альтернативті нәтижелермен салыстыруға мүмкіндік бермейді;

– Тиімділігі бірдей бірлікте берілген ғана сол араласуларды салыстыруға мүмкіндік береді;

– Сапа немесе қалау санатында терапияның ақырының бағалылығын қарастырмайды;

– Тиімді бағдарламаны этиімді еместен бөлу үшін құн-тиімділік тұрғысынан, шешім қабылдайтын сарапшы ең алдымен нақты нәтижеге жету үшін мекеменің төлейтін төлемінің максимуммен анықтау қажет.

**«Шығын-пайдалылық (утилитарлық)» талдауы (CUA).** Өмір сапасы утилитарлықтың көрсеткіші ретінде. QALY көрсеткішін есептеу

Қазіргі таңда дәрігерлер өмірдің ұзақтығын ұлғайтумен қатар, оның сапасының жақсаруы туралы жағдай жасау керек. Өмір сапасын зерттеулері пациенттің өміріне аурудың үрдісі және сырқаттың әсер ету сипаты туралы клиникалық мәліметтерді толықтырады және тәуелсіз болжамдық фактор болып есептеледі. Өмір сапасын бағалау созылмалы сырқаттарды емдеуде денсаулық жағдайының динамикасын және бұзылуы туралы обьективті мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

**Өмір сапасы** – қоғамға пайда әкелуде және өзінің қажеттілігін, қалауын қанағаттандыру үшін қоғам ұсынатын адамның рухани, психологиялық, физикалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіш.

**CUA әдісінің артықшылықтары:**

– Бірнеше араласудың нәтижелерін таңдауда пациенттің қалауын есепке алады.

– Экономикалық бағалауда нәтиженің саны мен сапасын үйлестіреді.

**CUA әдісінің кемшіліктері:**

– Көрсетілген талдау түрі күрделірек және қымбаттырақ. Ол келесі жағдайларда орынды:

– Өмір сапасы сырқаттың маңызды көрсеткіші болғанда, мысалы, демікпеде;

– Өмір сапасы-маңызды нәтиже болғанда.

**«Шығын-пайда» (CBA) талдауы**

Тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесінде фармакоэкономикалық зерттеулерді жүргізгенде «Шығын-тиімділік» және «Шығын-утилитарлық» талдауларға қосымша ретінде «Шығын-пайда (CBA)» талдауы қолданылады. Бұл әдіс медициналық араласудың кез-келген көрсеткіштерін салыстыра алады, себебі емдеу құнымен нәтижелері ақшалай түрде бағаланады (бағдарламаның құны нәтижені бағалау мерзімінде есептелінеді). Осы әдістің қажеттілігі альтернативаларды қолдануда, ерекше салыстыруға болмайтын нәтижелермен, нәтижелерді салыстыруды жеңілдету мақсатпен негізделінеді (мысалы, өлімді алдын алуды мақсат етумен байланысты гипертониялық ауру бойынша скрининг бағдарламасын уақытша жұмысқа жарамсыздықты алдын алуды мақсат ететін тұмауға қарсы иммунизациялау бағдарламасымен) және алынған нәтижелердің мәліметтерін ақшалай ортақ бөлгішке келтіреді.

**Талдау мақсаты:** Қазіргі кездегі баға деңгейіне келтіре отырып, бағдарламаны немесе әдісті жүргізуден таза пайданы есептеу (пайда азайту құн).

**Әдісті қолдану аясы** – денсаулық сақтау саласында емдеудің әртүрлі жеке, көптік бағдарламаның немесе әдістің талдауы. Көбінесе кешенді тәрізді терапия нәтижелерін керек кезде, бірақ медициналық шекті сипаттайтын яғни өлімді немесе ауруды алдын-алуда қолданылады.

**Мысалы:**

– вакцинациялауда (гепатит А, гепатит В, менингитке қарсы-Haemophilusinfluenceбегулердегі пайда);

– бүйрек трансплантациясында (медициналық технологияларды салыстыруда циклоспорин + преднизолон азатиопринмен).

**CUA әдістің артықшылықтары:**

– жеке, көптік бағдарламалар, соның ішінде ұқсайтын немесе салыстыруға келмейтін нәтижелер, нәтижелері әртүрлі бағдарламаларды салыстыру үшін қолдануға болады;

– қорлар шектеулі және бағдарламалардың ішінен біреу-ақ орындалуға болатын кезде пайдалы.

**CUA әдістің кемшіліктері:**

– фармакотерапияның альтернативті схемалардың нәтижелер шығындарын есептеу қиындығы;

– барлық шығындар және нәтижелердің ақшалай түрге ауыстыру қажеттілігі (ерекше пациенттермен көрсетілетін, мысалы өмір сапасын нәтижелер бірліктеріне аудару қиындығы);

– дискриминацияның ренктері бар, себебі бұл әдіс жұмыс істейтін адамдарды көтермелейді.

**«Бірлескен талдау» - фармакоэкономикалық талдаудың әдісі**

– Денсаулық сақтау саясатының әсерін, емдеудің жаңа әдістерін қолдану, сонымен қатар жаңа дәрілік заттарды түзету талдау және бағалау үшін бізге тұтынушының қалауы туралы ақпарат қажет. Дәл осыған байланысты, соңғы жылдары әлемде пациенттерге бағытталған әдістерге көп көңіл аударылып жатыр. Осы әдістердің экономиканың (нарықтық, транспорттық және т.б.) әр

түрлі саласында колдану тәжірибесі бар, ал денсаулық сақтау саласында едәуір жақын кезде қолданылып жатыр.

– Алдында пациенттердің қалауын бағалау мақсатында маркетингті зерттеулерден алынған мәліметтер қолданылатын еді, бірақ та медициналық араласуды және дәрілік заттарды колданудың бағалауы осы мәліметтердің жеткіліксіз екендігін көрсетті. Бұл денсаулық сақтау саласында пациенттердің қалауын өзіндік зерттеулерді жургізуге алып келді.

**«Шығындар - тиімділік» әдіспен салыстырғанда пациенттердің қалау әдісінің артықшылықтары:**

– Қазіргі кезде «Шығындар - тиімділік» әдісі фармакоэкономикалық талдаудың ішінде ең ыңғайлы, кең тараған және жиі қолданылатын әдістерге жатады. Сонымен катар, тікелей денсаулықпен байланысты және де жанама оған әсер ететін нәтижелерді зерттеулерге енгізу мүмкіншілігі жоқ. Яғни, терапияны таңдауда құнның, пайдасын, пациент комфортын есепке ала алмайды.

– «Шығын - тиімділік» әдістерге қарағанда пациенттің қалауын бағалау әдісі артық көрінетіннің бірнеше келесі себептері бар.

– «Шығын - тиімділік» талдауға қарағанда пациенттің қалауын бағалау әдісі бүтіндеу және емдеу үрдісін қамтитын терапияның әртурлі жағында түйіндейді.

**Бірлескен талдау (СА)** – қалауы белгіленген теорияға негізделген, салмақты әдіс, бұл пациенттің немесе дәрігердің қалауын сандық бағалауға мүмкіндік береді «Бірлескен талдау» әдісін қолдану максималды болжанған тәуекел, емдеудің салыстырмалы маңыздылығы, тұтынушыға арналған каржылық және уақытша эквиваленті сияқты сипаттамаларының сандық бағалауға мүмкіндік береді.

**4. Иллюстрациялық материал:**презентация

**5. Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер**

1. Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
2. Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
3. Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
4. Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
5. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.

6. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
7. Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
8. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" = Тезисы лекций по дисциплине "Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. с.10экз.

**Қосымша әдебиеттер :**

1. "Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация"= Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. с.10экз.

**Электрондық ресурстар**

1. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері [Электронный ресурс] : оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министрлігі. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.36 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
2. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики [Электронный ресурс] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.98 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
3. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине"Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 96,0 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).1экз.
4. Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 262 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1экз.

УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz

5. Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: http://www.studmedlib.ru, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123
6. Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz


**6.Бақылау сұрақтары**(кері байланыс Feedback**):**

1. Фармакоэкономикалық талдаудың әдістері?
2. Аурудың жалпы құнын» талдау әдісінің ерекшелігі мен кемшілігі?
3. Шығынды минимализациялауды талдаудың мақсаты,артықшылығы,кемшілігі және кезеңдері?
4. «Шығын-тиімділік» талдауының (СЕА) мақсаты, жүргізу кезеңдері, жүргізу ерекшелігі, артықшылықтары және кемшіліктері?
5. CUA әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері?

## Дәріс № 5

**1. Тақырыбы:** Денсаулық сақтау саласының қорларын басқару стратегиясының фармакоэкономикалық талдауы. ABC, VEN- талдаулары

**2. Мақсаты:** білім алушыларды фармакоэкономикалық талдау және оның әдістерімен таныстыру.

**3. Дәріс тезистері:**
Фармакоэкономикалық талдау негізінде денсаулық сақтау жүйесі және жалпы қоғамның, жеке адам артықшылықтарын анықтау альтернативті медициналық технологиялардың, фармацевтикалық қызметтің, қаржылық шығындардың, клиникалық нәтижелердің салыстырылуы, үлестірілуі және зерттеулері жатады. Фармакоэкономикалық талдаудың салыстыру жоспарында (Донабедиан триадасы) қаржылық қорларды, медициналық технологияларды және терапия нәтижелерін зерттейді. Фармакоэкономикалық талдауға медициналық технологиялардың тиімділігін қарапайым дәрілік заттардың енгізілуі фармакоэкономиканы экономикалық бағалаудан ажыратады, себебі ол денсаулық сақтау саласына қажетті нәтижелерді ескереді.

Фармакоэкономикалық талдауды жүргізгенде Халықаралық фармакоэкономикалық зерттеулер қауымының ұсыныстарына сай келесіәдістемені қолдану қажет:

**1.** Мәселені анықтау;
**2.** Зерттеу болашағын белгілеу;
**3.** Альтернативті медициналық технологияларды, бастапқы және соңғы нәтижелерді анықтау;
4. Фармакоэкономикалық талдау әдісін таңдау;
5. Әр альтернативті технологияларда қолданылған қорларды бағалау;
6. Талдауға қажетті қорларды сәйкестендіру;
7. Жағдайдың болу ықтималдығы белгілеу;
8. Шешім ағашын құруда үлгілеу әдісін қолдану;
9. Талдаудың сезімталдығын жүргізу;
10. Алынған нәтижелерді ұсыну.

Фармакоэкономикалық талдау альтернативті технологиялардың шығындары мен нәтижелерін бағалауға жасалған кез келген зерттеулерді енгізеді. Бірақ, экономикалық бағалау шектеулі қорларды тиімді таратудың механизмі болу үшін емдеудің жаңа бағдарламасының құны мен нәтижесін басқа да альтернативті бағдарламалармен салыстыру қажет. Сондықтан қазіргі таңда тәжірибеде фармакоэкономикалық талдаудың келесі әдістері қолданылады:

- «шығындарды минимилизациялау» талдауы-cost minimization analysis (CMA);
- «шығын-тиімділік» талдау-cost-effectiveness analysis (CEA);
- «шығын-пайда (утилитарлық)» -cost-benefit analysis (CBA).

**4. Иллюстрациялық материал:**презентация

**5. Әдебиет:**
**Негізгі әдебиеттер**

1. Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
3. Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
4. Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
5. Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
6. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.
7. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
8. Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
9. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" = Тезисы лекций по дисциплине "Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. с.10экз.

**Қосымша әдебиеттер :**

1. "Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация"= Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. с.10экз.

**Электрондық ресурстар**

1. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері [Электронный ресурс] : оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министрлігі. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.36 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
2. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики [Электронный ресурс] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.98 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
3. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине"Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 96,0 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).1экз.
4. Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА;

Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 262 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1экз.

5. УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz
6. Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: http://www.studmedlib.ru, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123
7. Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz

**6.Бақылау сұрақтары** (кері байланыс Feedback**):**

1. Фармакоэкономикалық талдаудың әдістері?
2. Аурудың жалпы құнын» талдау әдісінің ерекшелігі мен кемшілігі?
3. Шығынды минимализациялауды талдаудың мақсаты,артықшылығы,кемшілігі және кезеңдері?
4. «Шығын-тиімділік» талдауының (CEA) мақсаты, жүргізу кезеңдері, жүргізу ерекшелігі, артықшылықтары және кемшіліктері?
5. CUA әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері?

**Дәріс№6**

1. **Тақырыбы:** Шешім қабылдауда фармакоэкономикалық талдаудың нәтижелерін қолдану.

2. **Мақсаты:** білім алушыларғашешім қабылдауда фармакоэкономикалық талдаудың нәтижелерін қолданумен таныстыру.

3. **Дәріс тезистері:**

Фармакоэкономика деп денсаулық сақтауда қорлар мен заттарды тиімді қолдану мүмкіндіктерін анықтайтын медициналық ғылымды айтады (Чучалин А.Г., 1999). Оның негізгі аспабы фармакоэкономикалық талдау – медициналық шараларды қолдану нәтижелерінің кешенді клиникалық-экономикалық талдауы болып табылады (Basskin E, 1988).

«Клиникалық – экономикалық зерттеулер. Жалпы ережелер». Сапалық стандартына берілген анықтама бойынша клиникалық-экономикалық талдау – бұл медициналық шараларды қолдану және оны орындауға жұмсалған шығындар нәтижелерінің кешенді өзара байланысқан есебі негізінде сақтандыру, диагностикалау, дәрімен және дәрісіз емдеудің екі не оданда көп әдістерін салыстырмалы бағалау әдіснамасы. Клиникалық-экономикалық әдіснамасы кез-келген медициналық әрекетке қолданылады: дәрімен (фармакоэкономика) және дәрісіз емдеу тәсілдеріне, диагностикалау, сақтандыру және оңалту әдістеріне.

Фармакоэкономиканың зерттеу объектілері медициналық әрекеттердің қауіпсіздігі мен тиімділігі, сондай-ақ оларды жүргізуге жұмсалған экономикалық шығындар болып табылады (Johanesson M., Brein B., 1998).

**Шығындар түрі және фармакоэкономикалық талдау әдістері**

Емдеудің экономикалық жағын жан-жақты бағалау үшін шығындардың әртүрлі категорияларын қолданады.

Тікелей медициналық шығындарға дәрі-дәрмекпен емдеу, зертханалық және аспаптық тексеру, дәрігерлер мен медицина қызметкерлері құрамының жұмысына еңбекақы төлемін жүргізу үшін жұмсалатын шығындар, пациенттің емдеу мекемесінде болуына байланысты шығындар, сондай-ақ негізгі емнің жанама әсерін емдеу құны кіреді.

Тікелей медициналық емес шығындар – науқасты емдеуге байланыстыы әртүрлі қосымша үстеме шығындар, науқастың емдәм, санитарлық емес көмекпен тасымалдау құны, науқасты күту шығындары.

Тікелей емес шығындар – пациенттің немесе науқасты күтуге мәжбүр болған оның туыстарының еңбекке жарамсыз болуына байланысты шығындар. Бұл ең алдымен науқастың және (немесе) оны күтетін адамдардың еңбекке жарамсыз кезінде еңбекақысын толық алмауымен көрінеді.Өндіріс барысына қатыса алмау осы адамдар жұмыс істейтін кәсіпорынның, сондай-ақ жалпы қоғамның (салық төлемінің азаюынан) кірісті түгел алмауына әкеп соғады. Шығындардың бұл түріне сондай-ақ әлеуметтік қамтамасыз ету қажеттілігі мен науқас өніміне байланысты төлем шығындары да кіреді.

Материалдық емес шығындар – пациенттің оның өз әсер ететін факторларды (физикалық, психикалық, әлеуметтік және эмоциялы жағдай) өз тұрғысынан түсінуі. Шығындардың бұл түрі соның өлшеу мүмкін болмағандықтан іс жүзінде қолданылмайды.

Емдеудің жалпы құны әртүрлі объективтік және субъективтік факторлар әсерінен өзгеруі мүмкін (1.-сур.). Ең алдымен бұл-пациент мінездемесі (жынысы, жасы), ауру кезеңі және ауырлық дәрежесі, қосарланған паталогия. Емдеу әдісін таңдауда жүргізілетін емнің бағасына әсер етеді: консервативтік әдіс, яғни операциясыз емдеу барысы қаражатты үнемдейді, ал агрессивті-сөзсіз шығынды ұлғайтады.

**1 сурет – Емдеу құнына әсер ететін факторлар**




Шығындардың өсуіне жүргізілетін емнің жанама әсерлерін-дәрінің жағымсыз реакцияларын терапиялық түзету қажеттігі себеп болады. Емдеу құнына дәрігердің емдеу әдісі мен үлгісін таңдауы да әсер етеді, бұл ауруды диагностикалау мен емдеу жетістігін анықтайды.

«Шығындар-нәтижелілік» талдауы – табиғи бірлікпен берілген (мысалы, емделіп жазылған пациенттер саны; сақталған өмір жылының мөлшері; АҚ сан. бағ. 1 мм төмендеуі және т.с.с.) Қандай да бір нәтижелік бірлігіне жетуге арналған шығындарды бағалайды.
Шығындар және экономикалық бағалауу әдістері туралы жоғарыда көрсетілген мәліметтерді жинақтап, қорыта келе, қазіргі кезде кез-келген зерттелетін препаратты бағалау үшін «үш Е принципін» қолдану қажеттігін атап кетейік:
Efficacy – дәрі өзінің негізгі әсерін өте оңды рандомизациялық клиникалық зерттеулер (РК З) жағдайында көрсете алатын дәреже;
Effectiveness – дәрі өзінің негізгі әсерін нақты клиникалық тәжірибеде көрсете алатын дәреже және Efficiency – емдеу барысы пациенттің немесе қоғамның экономикалық жағдайын клиникалық жақсартады не төмендетеді (2сурет). Препараттарды бағалауда дәл осындай жан-жақты тәсіл ең қолайлысын дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.
**2сурет – Зерттелетін дәрінің сипаттары: «үш Е ережесі».**




Клиникалық – ... сатын, медициналық кө... і үшін маңызды келеді. ... үшін:

фармакоэкономикалық талдау мәліметтерін қолдану емдеу үлгісінің шығындар / нәтижелілік немесе шығындар / тиімділік қатынасына байланысты оңтайлыысын тыңдауға, пациенттің ӨС есепке ала отырып ем жүргізуге, және сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Қорыта келгенде бұл шығындардың барлық түрін, соның ішінде пациенттің күйзелісі мен азабын, ауырсынуын сипаттайтын материалдық емес шығындарды азайтады.

Фармакоэкономикалық зерттеулердің нәтижелерін денсаулық сақтау мекемелері мен ұйымдарының қолдануы науқастың госпитальға жату мерзімін қысқартатын және оның шығын аз жұмсалатын амбулаториялық емдеуге өтуін жылдамдататын жаңа, жоғары тиімді технологияларды қолдану есебінен шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Федеральды және өңірлік денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары мен мамандарына әртүрлі медициналық бағдарламалардың клиникалық-экономикалық бағалауы арналады, бұл стратегиялық жағынан дұрыс қойылған және уақытылы шешім қабылдауға, соның ішінде қаражаттандыру бағытында, мүмкіндік береді. Мұнан басқа фармакоэкономикалық зерттеулер мәліметтерді өмірлік маңызды ДЗ тізімін жасау және препараттардың формулярға енгізу ішінде есепке алынуы тиіс.

Фармацевтикалық сектор фармакоэкономикалық зерттеулер мәліметтерін негізгі іске жаратушылардың бірі болып табылады. Олардың нәтижелері өндіруші фирмалардың маркетингті саясатында дәрілік затты фармацевтикалық нарықта өткізу үшін қолданылуы мүмкін. Жаңа препараттарды жасау кезінде фармакоэкономикалық талдау нәтижелері зерттелетін дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы мәліметтерді толықтыруға және оны нарықта экономикалық жағынан орнықтыруға мүмкіндік береді.

Фармакоэкономикалық талдау әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы 1 кестеде көрсетілген.

**1 кесте – Фармакоэкономикалық талдау әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы**

| Көрсеткіш | «Шығындарды барынша азайту» | «Шығындар-нәтижелілік» | «Шығындар-тиімділік» | «Шығындар-пайда» |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Әдістің қысқаша сипаттамасы | Клиникалық нәтижесі бірдей емдеу әдісінің ең арзанын таңдау | Салыстырылатын баламалардың шығындары мен нәтижелілік байланысын есепке алады және оның қайсысы шығынды аз жұмсағанды айқын нәтиже беретінін анықтайды | Емдеу құнын қайта есептегенде жеке адамның (дәрігердің, пайиенттің немесе оның туыстарының) артық бағалаған баламаларының тиімділігін салыстырады | Салыстырылатын баламаларды қолданудан болатын тікелей материалдың ақшалай пайдасы анықталады |
| Шығындардың өлшем бірлігі | Ақшалай | Ақшалай | Ақшалай | Ақшалай |
| Нәтижеліліктің | Жоқ, өйткені | Бірдей, көбінесе | Қағида бойынша, | Ақшалай бірлік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| өлшем бірлігі | салыстырылатын баламалар нәтижелілігі бірдей | «табиғи» бірлікпен | QALY | |
| Есептеу формуласы | $DC_1+DC_2$, не $(DC_1+1C_1)-(DC_2+1C_2)$ | $(DC_1+DC_2)/(Ef_1-Ef_2)$ не $[(DC_1+1C_1)-(DC_2+1C_2)]/(Ef_1-Ef_2)$ | $(DC_1+DC_2)/(Ut_1-Ut_2)$ | $(B_1-B_2)-(DC_1+1C_1-DC_2-1C_2)$ не $(B_1-B_2)/(DC_1+1C_1-DC_2-1C_2)$ |
| Әдіс мәжісі | Шығындарды үнемдеу | Нәтижелілік белгісінің құны | Тиімділік бірлігінің құны | Материалдық пайда |
| Әдістің артықшылығы | Нәтижелілікті анықтау қажет емес, өйткені бұрыннан белгілі | Клиникалық нәтижесі әртүрлі медициналық әрекеттерді салыстыруға мүмкіндік береді | Болатын өмір ұзақтығын ӨС-мен байланыстырады және осы байланыстың шығындалатын жағын сипаттауға мүмкіндік береді. | Балама нәтижелерінің құнын әртүрлі аурулар кезінде де салыстыруға мүмкіндік береді |
| Әдістің кемшілігі | Нәтижесі бірдей ем түрлерін ғана бағалауға ғана бағалануға мүмкіндік береді | Нәтижесі бірдей бірлікпен өлшенген баламаларды ғана салыстыруға мүмкіндік береді | Тиімділік өлшемі стандартталмаған, ал пациент таңдауы субъективті | Нәтижелер тек ақшалай өлшенуі тиіс |
| Арналған қауым | Дәрігерлер, пациенттер, фармацевтикалық компаниялар, әкімшілік | Дәрігерлер, пациенттер, сақтандыру және фармацевтикалық компаниялар, әкімшілік | Пациенттер, дәрігерлер, сақтандыру компаниялары, әлеуметтік қорғау және қамсыздандыру органдары | Денсаулық сақтауды басқару аппараты |

**Ескерту:**
$DC_1$ және $DC_2$ – тиісінше 1-ші және 2-ші емдеу әдістерін қолдану кезіндегі тікелей шығындар
$1C_1$, $1C_2$ - тиісінше 1-ші және 2-ші емдеу әдістерін қолдану кезіндегі тікелей емес шығындар
$Ef_1$ және$Ef_2$ – тиісті әдістердің нәтижелілігі
$Ut_1$ және $Ut_2$ – тиісінше 1-ші және 2-ші әдіс кезіндег тиімділік
$B_1$ және $B_2$ – тиісінше 1-ші және 2-ші әдіс кезіндегі пайда.
Фармакотерапияллық технологиялар бағалауындағы өмір сапасының интегралды көрсеткіші.
Ұзақ уақыт бойы емдеу кезінде денсаулық жағдайындағы бұзылыстар мен динамика туралы объективтік мәліметтерді айқындау және бағалау ббарысы, анықтамасын бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тұжырымддаған, өмір сапасын (ӨС) зерттеуге мүмкіндік береді.

Өмір сапасы – бұл өмірдегі өз жағдайын мәдени ерекшеліктермен құндылықтар жүйесіне және мақсаттарға, күтуге, стандарттар мен қамқорлыққа байланысты түсінуі.

Тарихи жағынан алғанда өмір сапасының өлшемі екі әртүрлі тәсілдермен жүргізілді: өмірдің объективтік жағдайын өлшеу және оның субъективтік бағасын өлшеу. Осы екі тәсіл шеңберінде өмір сапасының 2 тұжырымдамалық үлгісі құрастырылды, олар ғылыми әдебиетте «объективті» және «психологияллық» деп аталады (2. кесте).

Өмір сапасы - әртүрлі категорияларға бірігетін құрылымның интегралды көрсеткіші:

- функционалдық жағдай (жұмысқа қабілеттілік, дене жүктемесіне төзімділік, үй жұмысын орындау);
- ауруға немесе оны емдеуге байланысты ауру белгілері (ауыру, ентігу, дәрілік заттардың жанама әсері: лоқсу, шаштың түсуі, белгісіздік және т.б.);
- психикалық жағдай (аурудың және дәрілік заттарды қабылдаудың да салдарынан болатын депрессия немесе қозу);
- әлеуметтік белсенділік;
- жыныстық функция;
- медициналық көмекке қанағаттанушылық.

Өмір спасын бағалаудың өте кең тараған әдістерінің бірі медициналық килігу нәтижесінде иеленген сапалы өмір жылдарын зерттеу болып табылады – qyality – adjusted life – year (QALY). QALY көрсеткішін есептеу үшін алдағы әрбір өмір жылын «0»-ден «1»-ге дейінгі баллмен берілген күтілетін өмір сапасына көбейтеді. Мысалы, егер науқас алдағы 10 жылда сапалы өмір сүретін болса: алғашқы 5 жыл – «0,9», ал одан кейінгі 5 жыл – «0,5» балл болса, онда QALY (5x0,9)+(5x0,5)=7 жылға тең болады, яғни пациенттің өмірі шын мәнінде 10 жылға созылғанына қарамастан, бұл мерзімнің құндылығы өмір сапасын есепке ала отырып, 7 жылға сөмендеп отыр.

**2кесте – Өмір сапасының тұжырымдамалық үлгісі**

| **Объективті үлгі** | **Психологиялық үлгі** |
|---|---|
| 1. ӨС анықтамасы<br>ӨС – амалдар мен әртүрлі сатистикалық көрсеткіштер (қылмыстық, жұмыссыздық деңгейі және т.с.с.) нәтижесі. | ӨС дәл мағынасы жеке адамнның рухани деңгейі, оның өмірлік тәжірибесі, сезім жағдайы және т.с.с. негізінде қалыптасатын субъективтік түйсігінде сипатталады. |
| 2. Объективтік индикаторлар.<br>а) Табиғи индикаторлар, олар ммынаны сипаттайды:<br>− өмір сүруінің физикалық-географиялық жағдайлары (ендік және байлық; теңіз деңгейінен биіктігі; жылдық орташа температура)<br>− биологиялық жағдайлар (өсімдік әлемінің көлемі мен әртүрлілігі, оның азықтандыру үшін жарамдылығы);<br>− табиғатқа түсетін антропогенді жүктеменің деңгейі (атмосфера, су және жер қойнауында зиянды заттардың шоғырлануы; электромагниттік сәулелердің, радиацияның қарқындығы); | 2. Субъективтік индикаторлар.<br>а) когнативтік (ұтымды)<br>Құрамдас мыналардан тұрады:<br>− өмірге жалпы қанағаттанушылықты бағалау<br>− әртүрлі өмір саласында қанағаттанушылықты бағалау.<br>б) аффективтік құрамдас оң және жағымсыз толқулардың теңдестігі болып табылады:<br>− оң толқуларға бақытты, әлеуметтік қолдауды, жеке біліктілікті сезіну жатады;<br>− жағымсыз толқу депрессияны, мазасыздану және күйзелісті сезінумен сипатталады. Өмір сапасының жалпы субъективтік бағалауы өткен, қазіргі және |

| | |
|---|---|
| б) Әлеуметтік индикаторлар:<br>− демографиялық (өмір ұзақтығының, бала өлімінің көрсеткіштері және т.б.);<br>− экономикалық;<br>− денсаулық сақтау (100000 халыққа шыққандағы ауру көрсеткіші, белгілі себептерден өлу көрсеткіші және т.б.). | алдағы өмір сапасын бағалаудан құралады. |

4. **Иллюстрациялық материал**: презентация

5. **Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер**


1. Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
3. Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
4. Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
5. Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
6. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.
7. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
8. Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
9. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" = Тезисы лекций по дисциплине "Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. с.10экз.


**Қосымша әдебиеттер :**


"Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация"= Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. с.10экз.


**Электрондық ресурстар**

1. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері [Электронный ресурс] : оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министрлігі. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.36 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
2. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики [Электронный ресурс] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 1.98 Мб +эл. опт. диск (CD ROM). 1экз.
3. Фармацевтикалық ақпарат" пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине"Фармацевтическая информация". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 96,0 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 35 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).1экз.
4. Фармакоэкономика негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5В110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы фармакоэкономики". Специальность: 5В110300-"Фармация" : лекциялар тезисі / ҚРСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармация ісін ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. ( 262 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 44 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1экз.
5. УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz
6. Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: http://www.studmedlib.ru, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123
7. Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz

**6.Қорытынды сұрақтары** (кері байланысFeedback):
1. Денсаулық сақтау жүйесіндегі экономикалық бағалау дегеніміз не?
2. Дәрі-дәрмектерді бағалаудың негізгі параметрлері қандай?
3. Фармакоэкономикалық талдау дегеніміз не?
4. Фармакоэкономикада ескерілетін тікелей және жанама шығындарға қандай шығындар жатады?
5. Фармакоэкономикалық бағалау процесінде шығындарды есептеудің негізгі кезеңдері қандай?
6. Қазіргі уақытта толық экономикалық бағалау үшін талдаудың қандай түрлері қолданылады?

**Дәріс №7**

**1.Тақырыбы:**Медициналық және фармацевтикалық көмек көрсетудің сапасын басқарудағы фармакоэкономикалық зерттеулердің орны

**2.Мақсаты:** білім алушыларғамедициналық және фармацевтикалық көмек көрсетудің сапасын басқарудағы фармакоэкономикалық зерттеулердің орнымен таныстыру.

**3.Дәріс тезистері:**

Медициналық көмек сапасын басқарудағы фармакоэкономикалық зерттеулердің орны. Формулярлық тізім медицинаға стандарттауды енгізу механизмі ретінде және медициналық көмек сапасын арттыруды қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда денсаулық сақтаудың даму концепциясы медициналық көмек сапасын басқару жүйесін құруды болжайды, яғни науқас қажеттіліктерін қолайлы жолмен шешуге бағытталған денсаулық сақтаудағы басқару тәсілін жасау деген сөз. Денсаулық сақтаудағы өнімдер мен қызмет сапасының қажетті деңгейін қамтамасыз ету барысы денсаулық сақтау жүйесінің барлық деңгейінде қорларды қолдануды оңтайландыру, қазіргі жаңа технологияларды енгізу аясында нәтижелерді бақылау және түзету сияқты өзара байланысқан шаралармен жүзеге асуы тиіс. Денсаулық сақтауда сапа көрсеткішінің өлшемі стандарттар болып табылады.

Көпшілік елдердің, олардың саяси және экономикалық даму жолдарына қарамастан, жаһандық мәселелерінің бірі шығындарды, соның ішінде халыққа медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды ұдайы ұлғайту қажеттілігі болып табылады. Алайда әртүрлі елдерде бұл құбылыстың өз ерекшеліктері бар. Біздің елімізде денсаулық сақтау жүйесіндегі шығындар деңгейін көтеруге себеп болатын негізгі факторлар ретінде әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және медициналық факторларды көрсетуге болады.

Әлеуметтік-демографиялық факторларға ең алдымен тұрғындардың негізгі бөлігінің төлем қабілетінің төмен деңгейі және медициналық көмек көрсетуді созылмалы ауруларды емдеуге ерекше бұрмалайтын халықтың қартаюы жатады.

Экономикалық факторлардың ішінде отандық денсаулық сақтауды сайма-сай қаржыландыыруға мүмкіндік бермейтін макроэкономика дамуының жеткіліксіз деңгейін ерекше айту қажет. Құнсыздану процестері де денсаулық сақтау бюджетін тауысады.

Медициналық факторлар медициналық ғылымның қарқынды дамуын, осы заманғы технологиялар мен әртүрлі ауруларды емдеу мәселесін науқастарды тиімді әрі сайма-сай емдеуге ғана емес, сондай-ақ асқынулардың даму қаупі дәрежесін төмендетуге жағдай жасайтын жаңа сапалы бағдармен шешуге мүмкіндік беретін өзіндік дәрілік заттардың пайда болуын сипаттайды (Белоусов Ю.Б. және сер. авторлар, 2007). Алайда жаңа технологиялар мен препараттар, қағида бойынша бағасының жоғары болуымен ерекшелінеді, бұл денсаулық сақтаудың шектеулі қаржыландыруы және халықтың төлем қабілетінің төмен болуы жағдайында олардың клиникалық тәжірибеге жылдам енуіне мүмкіндік туғызбайды.

Емдеу бағаларының жоғарылауы жағдайында науқас пен қоғамға қандай да бір препаратпен емделуге жұмсалған шығын қаншалықты ақталғанын білу қажет, яғни емдеу нәтижесін бағалаудың экономикалық критерилері болуы тиіс.

Көрсетілген себептер мен бірқатар басқа факторлар денсаулық сақтауға қаржы бөлуді ұлғайту қажеттігін растайды. Денсаулық сақтау жүйесіне бөлінген қаражат көлемінің көрнекті мысалы ретінде Ұлыбританияда кейбір ауруларды, соның ішінде ЖИА емдеуге жұмсалған шығындар тізімін көрсетуге болады (1 кесте).

**1кесте – Медициналық қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар көлемі (Ұлыбритания, 1999)**

| Ауру түрлері | Емделуге жұмсалған тікелей шығындар £, млн. | Өнім тудыру себебінен болған нәтиже шығындары және/немесе емдеуге жұмсалған жай шығындар, Е, млн. | Жалпы бағасы, £, млн. |
|---|---|---|---|
| Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) | 10730 | 5,325 | 7,055 |
| Арқаның ауруы | 10673 | 5,143 | 6,816 |
| Ревматоидтық артрит | 969 | 1,049 | 2,018 |
| Альцгеймер ауруы | 1,993 | - | 1,993 |
| Төменгі тыныс жолдарының инфекциясы | 1,825 | - | 1,825 |
| Миға қан құйылу (инсульт) | 1,655 | - | 1,655 |
| Қант бдиабеті (ҚД) | 1,304 | - | 1,304 |
| Артрит | 978 | - | 978 |
| Көптеген склероз | 85 | 452 | 536 |
| Бас сақинасы (мигрень) | 45 | 378 | 424 |
| Терең көк тамырда қан ұюы және өкпе артериясының эмболиясы | 386 | - | 386 |
| Депрессия | 366 | - | 366 |
| ҚР 1-ші түрі | 273 | - | 273 |
| Аяқ-қолдың аумалы ишемиясы | 269 | - | 269 |
| Қояншық | 235 | - | 235 |
| Қуық асты безінің қатерсіз гипертрофиясы | 134 | 21 | 155 |

Алайда шығындарды ұлғайту барысы медициналық килігулерге клиникалық нәтижесі мен экономикалық пайдасының талдауына негізделген аййқын үлгісінсіз мүлдем тиімсіз болуы мүмкін (Рудаков А.В., Хевщик П.Ф., 2002). Қаржыландыру көлемінің жеткіліксіз болуы және шектеулі қаражат қорын ұтымдыпайдалану қажеттілігі фармакоэкономиканың негізгі дамуы болып табылады (Гиляревский С.Р., Орлова В.А., 1997). Дәл сондықтан соңғы уақытта оған деген ынта артуда.

Еуропа елдерінде әртүрлі дәрілік препараттардың фармакоэкономикалық зерттеулері жеткілікті көп мөлшерде жүргізілген. Еууропада фармакоэкономиканың даму беталысы туралы фармакоэкономикалық зерттеулер нәтижелері енген мәліметтер қоры (HEED) негізінде білуге болады. Бұл мәліметтер қорында 10000-нан аса құжаттар бар, оған түпкі зерттеулер (өмір сапасын экономикалық бағалау және зерттеу), әдіснама материалдары, шолулар, редакциялық мақалалар енеді. 1 - 2 кестесінде 3 жылда (1995-1997) 13 елде жүргізілген фармацевтикалық препараттардың түпкі зерттеулерінің саны туралы мәліметтер берілген (Зерттеулер экономикалық талдау әдісіне қарай топтастырылған), ал 3кестесінде фармакоэкономикалық зерттеулер жүргізілген аурулар тізімі көрсетілген.

**2кесте – Еуропада фармакоэкономикалық талдау түрлерін қолдану жиілігі**

| Талдау түрі | Зерттеу саны (n=720) |
|---|---|
| «Ауру құны» | 59 |
| «Барлық шығындар талдауы» | 108 |
| «Шығындарды барынша азайту» | 54 |
| «Шығындар қайтарыммының экономикалық талдауы» | 209 |
| «Шығындар-нәтижелілік» | 231 |
| «Шығындар-тиімділік» | 54 |
| «Шығындар-пайдалылық» | 5 |

**3кесте – Фармакоэкономикалық зерттеулер жүргізілген аурулар тізімі**

| Нозология немесе препараттар тобы | Зерттеулер саны ( n=565) |
|---|---|
| Асқорыту жүйесінің ауруы және метаболизмдік бұзылыстар | 50 |
| Қан өндіру жүйесінің патологиясы | 46 |
| Жүрек-қантамыр аурулары | 28 |
| Дерматологиялық препараттар | 16 |
| Несеп-жжыныс жолдарының ауруы, жыныстық гормондар | 15 |
| Гормондық жүйелі препараттар | 28 |
| Микробқа қарсы жүйелі заттар | 130 |
| Ісікке қарсы заттар | 71 |
| Қаңқа-бұлшықет жүйесінің патологиясы | 17 |
| Жүйке жүйесінің бұзылыстары | 74 |
| Паразиттерге қарсы заттар | 4 |
| Тыныс алу жүйесінің патологиясы | 20 |
| Сезім органдарының ауурулары | 0 |
| Басқа патология | 31 |
| Код берілмеген | 35 |

Отандық денсаулық сақтауда фармакоэкономикалық талдау ққажеттілігі құнды, сипат алуы мүмкін нәтижелердің өзі пайда болмай тұрып-ақ туындаған. Сондықтан материалдың жоқтығынан шетелдік мәліметтер қолданылды. Алайда мұндай мәліметтерді пайдалану елеулі макроэкономикалық ерекшеліктерге, денсаулық сақтау саласының заңды және нормативтік қорларындағы, қаржыландыру көлемі мен құрылымының ерекшеліктеріне, медициналық көмек көрсету стандарттары мен әдістерінің ерекшеліктеріне байланысты қате болатыны анықталды.

Әртүрлі ел халықтарының төлем қабілетінің деңгейін және жеңілдік құқығы бар адамдар санын салыстыруға болмайды. Осы факторлардың барлығы отандық фармакоэкономикалық зерттеулерді жүргізу мен дамытуға алғы шарт болды.

Фармакоэкономиканың дамуына себеп болған маңызды ерекшеліктердің бірі патенттелмеген препараттар мәселесі қосып отыр. Бұл мәселе көп қырлы, алайда баға мен тиімділік факторлары басты болып келеді (Леонова Ю.Л., 2001).

Халқының негізгі бөлігі үшін баға факторы жетекші болатыны сөзсіз. Дәрілердің кең номенклатурасы тізімддерінің ішінде бағасы жағынан түпкі препараттар онша қолжетіледі емес. Генериктер (көшірме дәрілік заттар) бағасының төмендігімен ерекшелінеді, бұл олардың

жасалуы мен клиникалық сынағына шығындардың болмауымен байланысты. Сондықтан генериктерді қолдану халықтың басым бөлігін осы заманғы, сонымен қатар экономикалық жағынан пайдалы медициналық технологиялларымен қамтамассыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда тиімділік факторының ролі басым болады (Воробьев П.А. және сер. авт., 2002): генериктер түпнұсқасына сайма-сай болуы тиіс. Бұл жағдайда клиникалық тәжірибе шындық критерияларды, яғни көшірме препараттардың тиімділігі түпкі заттан өте ерекшеленетінін көрсетеді. Клиникалық тәжірибенің тағы бір маңызды ерекшелігі дәрігердің дәрілік заттарды тағайындау және пациенттің нақты препараттарды дәріхана желісінде алу кезінде артық көру айырмашылығында болып отыр. Осылайша, кейбір дәрігерлер пациенттің материалдық жағдайын ойлап, арзан дәрілік заттарды тағайындайды, бұл көбінесе GCP және GMP стандарттарына сәйкес келмейді. Ал басқа дәрігерлер қымбат тұратын түпкі препараттарды тағайындайды, олардың клиникалық нәтижесі кейде арзан генериктерден артық болмайды. Препаратты көкейкөзбен емес, ғылыми негізделген ретпен таңдау қажет, бұл дәлелді медицна мен салыстырмалы клиникалық сынақ нәтижелеріне негізделген клиникалық-экоономикалық зерттеулерді жүргізу арқылы жүзеге асуы мүмкін (Остроумова О.Д., Мамоев В.И., 2002).

**4.Иллюстрациялық материал:**презентация

**5.Әдебиет:**
**Негізгі әдебиеттер**

1. Сборник Законодательных и нормативно- правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан: сборник / сост. Б. К. Махатов [и др.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 380 с.40экз.
2. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы: жинақ / құраст. Б. Қ. Махатов [т/б.]. - Шымкент : Жасұлан, 2017. - 327 бет. с.150экз.
3. Шопабаева, А. Р. Фармакоэкономика: учебное пособие / А. Р. Шопабаева, Н. А. Чеботаренко, С. В. Хименко ; М-во здравоохранения и социального развития РК. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 146 с.55экз.
4. Арыстанов, Ж. М. Фармацевтическая информация : учеб. пособие / Ж. М. Арыстанов. - ; Рассмотрен и рек. к выпуску на засед. Учен. совета МУА. - Алматы : Эверо, 2015. - 252 с.60экз.
5. Фармакоэкономика : оқу құралы / А. Р. Шопабаева [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 194 бет. с.80экз.
6. Шертаева, К. Д. Фармакоэкономика негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева, Ж. К. Шимирова, О. В. Блинова ; ҚР әлеуметтік даму және денсаулық сақтау министірлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 136 бет с.80экз.
7. Шертаева, К. Д. Основы фармакоэкономики: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шимирова ; Министерство здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 143 с.50экз.
8. Шертаева , К. Д. Фармацевтикалық ақпарат: оқу құралы / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева, Ғ. Ж. Умурзахова ; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Жасұлан, 2013. - 72 бет. С.90экз.
